

КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘНЕРІНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

оқытушы ЫРЫСТАНҒҰЛЫ БАЗАР

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық униерситеті. —Әнер, мәдениет және спорт институты, —Кәркем білім кафедрасы. Қазақстан, Алматы қаласы

Аңдатпа

Еліміздің ұлт болып ұйысып, қалыптасу кезеңінен бұрында мәдениет пен әркениетке ие болдық. Оның айғағы іспетті ата-бабаларымыз болған Сақ, Ғұн, Түркі тайпаларының қалдырған асыл мұралары мен әшпес әркениетінен біле аламыз. Тарихта таңбасы спетті менменделеп тұрған ұлы дала еліндегі көне тарихи ескерткіштер байырғы бабаларымыздан жалғасып келе жатқан тарихи жәдігерлігіміздің айғағы болып мәңгілікке қала береді. Ал, біздің сөз етіп отырған тақырыбымызда сол байырғы әркениеттің бізге жетуі мен қазіргі дәстүрлі өнеріміздің түп негізі түркі ескерткіштерінде жатқанын аңғара аламыз. Тарихи ескерткіштерді кәріп-ақ, дүние танымымыз бен дәстүрлі өнердің бір-бірімен тығыз байланыста ұштасып жатқанын аңғарамыз. Қазақ дәстүрлі өнеріндегі: мүсін, тасқа сурет салу, ағаш, темір, алтын, күміс, тері, т.б әшекейлі, колданбалы сәндік қол өнер бұйымдарын жасаудың тарихын ақтара келе оның байырғы заманнан дамып жалғасып келе жатқанын байқауға болады. Қазақ дәстүрлі өнері қазақ ұлты болып қалыптасқан соң дамыған емес, ол одан да бұрын ата-бабаларымыздың қалдырған, солардың жалғасқан мәдениет екенін бәріміз білеміз. Оның айғағы ретінде күллі әлемге танымал Сақ қорғандары және Алтын адам, Енисей, Талас, Орхон мұралары, таңбалы тас суретті алқабы, балбалдар мен сынтастар т.б. байырғы дәстүрлі өнеріміздің қазірге жеткен сүрлеуі, баға жетпес құндылықтарымыз. Тарихи жәдігерлер мен дәстүрлі өнерімізді сабақтастыра отырып, оқушылар мен жоғары оқу орындарында кәркем білім және өнер тарихы сабақтарында қосымша білім беру негізінде кірістіріп оқыту арқылы кәркемдік қабылдауды дамытып, қалыптастыруға негіз бола алады.

Түйін сөздер: ескерткіштер, дәстүр, көркемдік қабылдау.

Біздің өзіндік бәгенайы бәлек ерекше құндылықтарымыз ғасырлар тоғысынан сан мыңдаған оқиғалардың куәсі, атадан балаға жалғасқан мұрасы болып, өз заманның дүние

танымдық кәзқарасы мен философиялық ойларынң тоғысуанан туған жасампаздық әнердің биік шыңы болып бізге жетті. Тарихтың қатпарланған шындығына кәз жүгірте қарап, әткен сан мыңжылдық жылнаманарға назар аударсақ: ата-бабаларымыз болған Сақ, Ғұн, Түркілердің ұрпағы екеніміз айдан анық. Сонымен қатар, олардың сол заманғы дамып, әркендеген мәдениетін жалғаструшылармыз. Түркі ескерткіштерінің аман-есен бізге жаткен қазіргі баға жетпес мұралары орхон Енисей ескерткіштері, Батыс Қазақстандағы және Тарбағатай тау сілемдері мен Шығыс Түркістандағы балбалдар мен сын тастар, тастағы бейне суреттер, таңбалар т.б. түркілердің әлем әркениетіне ерекше мол үлес қосқанын мақтанышпен айта аламыз. Сан ғасырлық замананы басынан әткеріп, әресі биік әркениеттің қазіргі заманғы құны жетпес байлыққа айналуының әзі, сол кездегі «әнердің дамуы мен мифологиялық, философиялық ойдың озық жетістіктері», - деп қараймыз. Қазақ ұлтының дәстүрлі әнеріндегі бейнелеу әнерінің даму сатысының әткен ғасырдан бастап қалыптаса- дамыды десек қателесеміз. Халқымызда суретшілер мен мүсіншіледің байырғы заманнан келе жатқанына жартастағы бейне суреттер мен балбалдар, сынтастар куә.

Әткен ғасырда тар заманның құрсауынан шыққан егемендігімізбен бірге Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлының салиқалы саясатының арқасында тарихтың тамырын қазып, елдігіміз бен ерлігімізді, мәдениетіміз бен әнерді, рухани құндылықтарымызды тарихтың қатпарынан қайтадан парактап ашып, зерттеп , саралап-талдау жасай отырып, кәз жүгірткен едік. Сол бір тарих қойнауында қалған ежелгі мұраларымыздың қайтадан жаңғырып, халықтың жүрегіне рухани азық болып жол тарту үшін 2007 жылы қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру аясындағы шарада Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сәйлеген сәзінде: «Адамзат тарихының күретамыры – мәдениет, ал мәдениеттің күретамыры – адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар болып табылады. Бұл бәрімізге белгілі ақиқат. Қай халықтың болмасын әзге жұртқа ұқсамайтын бәлек болмыс-бітімін даралап, әзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Мәдениет - ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты», - деп айтып кеткендей [1.16]. халқымыздың атадан балаға жалғасқан дәстүрлі әнеріміз туралы шындықты айтып, тарихи жәдігерлерге сүйене отырып зерделейтін, толық зерітелмеген, ашылмаған тұстарын тілге тиек етіп, қалам тербейтін кез-келгендігін толық аңғарамыз.

Түркілерден бізге жеткен мәдениет пен әнер дәстүр сабақтастығын жалғастырып жатыр. Сол заманғы біте қайнасқан дәстүр мен әнерді ажыратып қарастыра алмаймыз. Біздің

халқымыздың дүниетанымы тұрғысынан қарағанда дәстүр сабақтастығынан туындаған тамаша өнер туындылары ұлы даладағы ескерткіштер екенін кәре аламыз. Ал, дәстүр туралы сөз қозғар болсақ: «Дәстүр» латын тілінен аударғанда «traditio» - жалғастыру деген мағынаны білдіреді және ол тарихи қалыптасқан қоғам үшін пайдалы, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп және белгілі уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірибесінің жалғастығы мен жиынтығы, мәдени мұрасы: әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрыс қалыптары мен тәртіптері, үрдістер, жән-жоралғылар, мейрамдар, церемониялар және т.б. демек, біз түркі мұраларын дәстүрлі түрде жалғастырушылармыз.

Жоғарда айтылған негіздемеге сай, қазақ халқы кәне түркі әркениетінің негізгі мұрагері. Бір сөзбен айтқанда, шығу тегіміздің тамыры, асыл қасиетіміз, бай тарихымыз «арғы атамыз ер түркілермен» байланысты. Сондықтан да мемлекеттік «Мәдени мұра» бағыдарламасының негізгі бағыттарының бірі – осы әркениеттің түп-тамыры, негізгі ошақтары мен оның сан-қилы құрамдас бөліктерін, байырғы түркі әркениетінің мұраларының сақталуына, зерттелуіне, насихатталуына, ғаламдану үрдістерінде ұрпақаралық сабақтастықтарды жаңғыртуға, оны жалғаструға ерекше назар аудару [2.53б] керектігін ғалымдарымыз айтып өткендей, біз дәстүр жалғастығын қазіргі қоғам жанашылдығымен байланыстыра дамытуға жол аламыз. Осы негізде дәстүр қоғамдық қатынас сатылы дамиды десек, дәстүр әрбір жаңа сатыда сақталумен қатар, өзгеріп, жаңарып отырады. Дәстүрлер арқылы қайта жаңғырту пайда болады. Ол арқылы заманы өтіп бара жатқан ескі қатынас түрлерінен өз заман талап-тілектерін қанағаттандыратын жаңа формалар жүйесі қалыптасып, болашақтағы қатынас түрлеріне жаңаша қуат беріледі.

Дәстүрдің мағынасы мен адам дамуындағы маңызы ол руханилықтың иесі болып табылатын жанды тұлғаның өздігінен ізденуіне, жаңарып отыруына, өз өмірін шығармашылыққа айналдыруға мүмкіндік береді. Дәстүр арқылы адамдар өткен дәуірлердегі құндылықтар туралы тек біліп қана қоймай, оның маңызды және қажетті деген элементтерін өз бойына сіңіріп, өзінің рухани мұратына, мақсатына айналдырып отырады. Осындай жағдайда ғана нағыз рухани сабақтастық болуы мүмкін. Рухани дәстүр адамды қайта түлетуі қажет. Осыған сай, біз сөз етіп отырған түркі ескерткіштерінің ішіндегі Орхон ескерткіштері өзіне дейінгі мың жылдықтардың тарихи тәжірибесін бойна жинап, өзінен кейінгі ұрпағына мұра етіп қалдырып үлгерген үлкен тарихи-мәдени құндылықтар қазынасы. бұл алып қазына – байырғы түркі мәдениеті.

Байырғы түркілердің мәдениет бет-бейнесі, рухы мен келбеті, діні мен тілі, діні мен діңгегі, зейін-жады, халық даналығы, ел(мемлекет) болып, тәр (үкімет) құрғандығы. Барлығыда байырғы түркі дүниетанымының жемісі, мәдениетінің ошақтары, әлем әркениетіне қосқан үлесі.

Түркілер осындай ұлы ескерткіштер тұрғызып, бір орталыққа бағындырылған тұтас мемлекет орнатып, үкімет құрып, билік жүйесін реттеп жүргенде, еуропалықтар басы бірікпей бытырап, тіпті бұтына киетін шалбар мен ұзын етек кәйлектің қайсы еркектікі, қайсы әйелдікі екенін айыра алмай жүрген болатын. Бір кезде түркілердің байырғы ата-бабалары әлемдік әркениетке ешқандай үлес қоспаған деп кәкісе... ол соңғы уақыттағы кейбір жалған ғалымдар мен тарихшылардың шындықты бұрмалап, халықты адастырып, жүргендігінен. Тарихты бұлай бұрмалауға кейбіреулер саналы түрде өз мемлекетінің саяси-идеологиялық мақсаты тұрғысынан мүдде кәздесе, кейбіреулер білмегендіктен, терең зерделей алмағандықтан барды. Әрине, қандай да бір тарихи зерттеу - үлкен идеология. мұрагер халықтың өз жүрегінен жарып шықпаған соң, әгей жүректен әгей сөз, өзге жұрттан өзге қылық шығатыны айтпасада түсінікті [3.46].

Түркі әркениетінің әлем алдында айқын түрде айғақ ретінде қалған түркі ескерткіштері бізге қалған дәстүрлі түрдегі мұра. Міне, осының барлығы да дәстүр жалғастығы мен тәл өнеріміздің түп негізі болып саналмақ. Түркілердің кәне ескерткіштері өнер туындысы ғана емес, ол кәркем шығармашылық ойдан туындаған, обыразы айқын, дизайндық шешімі анық, архитектуралық ерекшеліктері әсем, шеберлікпен бейнелеп, сомдай білген. Осы түркі әркениеттері этногенездік, этномәдениет, этносаяси, т.б. жақтарынан алатын орынның ерекше екендігін аңғарамыз. Қазақ халқына дәстүрлі түрде жалғасқан өнеріміздің байырғыдан баба кәсіп, өнер мұрасы екенін хакім Абай атамның отыз үшінші қара сөзінде «егер да мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол» [4.1196], -деп айтқандай, дәстүрлі өнеріміздің атадан балаға жалғасқан ата кәсібіміз дей келе, өнер үйреніп, дәстүрді жалғастырған, өнерлінің ешқашанда жерде қалмай, әр қазақтың баласы әзіне тән бір өнерді игерсе, сол өнерді үйреніп қана қоймай, өз еңбегін адалынан тапса, қол өнердің қайсы бірі болмасын әлмес мұра. Ал, осы бір дәстүрлі өнерді саналы түрде жалғастырып, дамытуды, ұрпаққа ізгілікпен жеткізіп, сол мұраны дұрыс жолмен жалғаструды Абай хакім салмағы ауыр, мағынасы терең сүбелі сөзімен айтқан.

Қазіргі қазақ дәстүрлі өнерлерінің бастапқы даму сатысыларының бірі болған түркі дәуірі болғандығының айғақтары кәп деп айтып өткен едік. Енді қазіргі «суретші», «мүсінші», «ұста» т.б. кәсіптік атау терминдердің ұлт болып ұйысқан сәттен басталмағанын, осы өнер саласында жүрген адамдарды дәстүрлі өнер мен сол заманғы өзіндік атқаратын қызметіне қарай, әр өнер жолын тұтушы шеберлерді өзіне тән ерекшеліктері мен артықшылықтарына қарай өзіндік тәл атаулармен атап келген. Сонымен қатар дәстүрлі өнердің қалыптасуы мен дамуына түркілердің дүниетанымы мен діни, қоғамдық этнологиясы қатар әсер еткендігін айтқан болатынбыз. Олай дейтініміз: әлемде алғаш жазба мәдениетті тауып, қалыптасқан кезден бастап бірсыпыра іргелі елдерге кәдімгі мал сүйегіне, ірі тастарға, балшықтан тұрғызылған биік қабырғаларға барша жұртқа, тайпаға, халыққа арналған дін, наным қағидалары, өмір сүру, заңдылықтары, ел мен жерді қорғауға шақырған үндеу, ұрандар, бірлікке жұмылдыратын даналық толғаулар, өсиеттер жазу әдетке айналған. Сол көлемді, көрнекті жазба тастар, биік дауалдар қалың бұқара жиналатын ашық алаңдарға, қырқа басына орналастырды. Себебі, мәдени ескерткіштерді ел-жұртқа арнап жазылған дін, заң, нанымды және ортақ мақсат пен міндеттерді кең тұрғыда бұқараға әрі айқын, өзгеріссіз жеткізу, ұғындыру үшін солай жасалынды [5.136]. Демек біздің ата-бабаларымыз болған кәк түркілерде өздерінің даңықтық, заңнамалық және діни, салт-дәстүрлеріне сай тарихи маңызды оқиғаларды тасқа жазып қалдыра білді. Түркілер өздерінің елінің, жерінің мүддесі жолындағы ерліктері мен ел қорғаны болған баһадүрлерінің қаһармандық ізгі жолын ұрпаққа мұра ретінде, халықтың жадында қалуы мен өсиеті ретінде қазіргі бізге жеткен тарихи жәдігерлікті аманат етті. Түркілердің өзіндік өркениетімен қатар өзіне тән жазуы және оны жазушылар болуымен қатар, сынтастар мен балбал тастарды қашап, жасап, бейімдеп сомдайтын мүсінші болды. Ал, осы негізді өркениеттің бастауы болған түркі әліпбиі болған «түркі бітік» сол дәуірдің дәстүрлі мәдеитетінің басталуы мен түркі даласының барлық қоғамдық жағдайлары мен діни, этностық дәстүрлері түркі бітік арқылы толық баяндалған. Сөзге тиек болған «түркі бітік» атауы далалық өркениетті сомдаушы ұлы кәшпелі түркі тектес этностардың тәл тума жазуы, олар ғасырлар бойы қолданған әліпбиі деген сөз. Түркі елінде түркі бітікпен ресми іс-құжаттар, бұйрық, жарлық сияқты мемлекеттік маңызды істер хатталып отырды. Қағанның алтын таңба мөр сақтаушысы – тамғачы, іс-құжат хатшысы, құжаттық жазуды жүргізуші – бітікші аталды [6.106б]. Міне, осы мәліметтерге сүйене отырып, қарайтын болсақ қазіргі біздің «мүсінші» деп атап жүргеніміздің түп тамырына үңілер болсақ, ежелгі тас бетіндегі өрнектер мен бейне сызбаларының басталуынан-ақ біздің

дәстүрлі өнеріміздегі әр шебердің сол кезден бастап-ақ қалыптасып, кәркем шығармашылық туындылар жасағанын аңғарамыз.

Қазақ халқының дәстүрлі өнерінде айрықша орын алған осы түркі ескерткіштерінің байырғы заманнан бізге жетіп, халқымыздың оны әрмен қарай дамытып отырған дәстүрлі өнеріміздің түп қазығы екені баршамызға аян. Ендеше қазіргі дәстүрлі өнеріміз, суретші, мүсінші, дизайнерлер т.б. түркі ескерткіштерінің негізінде өткенді тағылымдай аламыз. Біз түркі ескерткіштерін жан-жақтылы қарастыра отырып, оның тарихи кезеңделуін, дәстүрлік сабақтастығын, философиялық ой-талғамын, пішімдік бейнесі мен дизайндық ерекшеліктерін, т.б. талдап-саралай отырып, сабақтан тыс үйірмелерде мектеп оқушыларына «Кәркем білім» сабағында халқымыздың дәстүрлі өнердің негізінде оқушылардың дүние танымын қалыптастыру мен кәркемдік қабылдау және талғамын қалыптастыруға негіз ете отырып жұмыс жүргізу.

Біз түркі ежелгі ескерткіштерін мектеп оқушыларына қосымша білім беру, үйірме сабақтарында және сабақтан тыс уақыттарда таныстыру мен саяхат жасату арқылы оқушыларға кәркем тәрбие беру, сонымен қатар жоғары оқу орындарында сабақ үрдісінде және сабақтан тыс уақыттарды дәстүрлі өнер негізіндегі тарихи ескерткіштер аясында шығармашылық қаблетін арттыру мен эстетикалық тәрбие беру. Жалпы алғанда осы негізде балаларды дәстүрлі өнер шығармаларымен таныстырып, олардың біліктілігін жетілдіріп, эмоциясын тәрбиелеп, дәстүрлі өнер бұйымдарына жеткілікті дәрежеде баға беру сапасын арттыру, сол арқылы оқушының дүние танымына игі әсер ету. Дәстүрлі өнер аясында шығармашылыққа баулу оқушылардың төмендегідей қасиеттерін қалыптастырып, оны дамыта түсуге жағыдай жасайды деп сенеміз:

1. Дәстүрлі өнердің негізінде жасөспірімнің дүниетанымын қалыптастыру, оларды кәру, қарастыру, талдау және сөйлеу мәдениетін, талғампаздық қасиеттерін жетілдіріп, эстетикалық, сезімдік, эмоционалдық тәжірибесін молайтады.
2. Оқушылардың дәстүрлі өнер жәніндегі кейбір терминдер мен жаңа ұғымдарды жан-жақты меңгеруі олардың эстетикалық талғамы мен дүниетанымын тереңірек қалыптастыра отырып, дәстүрлі қол өнері мен сәулет өнерінің образды мәнін тереңірек пайымдауға, ол жәнінде толық мәнді ой айту мүмкіндігін күшейтеді.
3. Дәстүрлі өнерге деген өзінің қатынасын айналасындағыларға түсінікті етіп жеткізе білуге үйретеді.

4. Дәстүрлі өнер арқылы жеткіншек ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырып, оған эстетикалық тәрбие беру барысында ұлттық мәдени мол қазынаны, рухани тәжірибені тануға үйрету оқушылардың ұлтжандылық қасиетін қалыптастыра отырып, оның сезімін тәрбиелейді, кәркем талғамын жетілдіреді.

5. Дәстүрлі өнер арқылы жеткіншек ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырып, оған эстетикалық тәрбие беру барысында ұлттық архитектуралық өнер түрлерін барынша тиімді пайдалана білу олардың кәркем-эстетикалық және кеңістік ой-өрісін дамытады [7.736].

Осы негіздемелерге сай біз түркі ескерткіштердің дәстүрлі өнердегі орны және оның маңыздылығы мен рухани атқаратын қызметі, рөлі жоғары екендігін біле алмыз.

Жоғарда баяндап өткендей түркі ескерткіштерінің дәстүрлі өнеріміздің негізі болып саналып, қазіргі жас ұрпақ дәстүрлі өнеріміз арқылы бойына жан-жақтылы жақсы қасиеттерді жинай алады, әрі тарихи ескерткіштердің әсемдік, архитектуралық кәркемдігіне, айшықты бейнелердің үйлесімді образ тауып, сызық, ырғақ, рендік үйлесімділіктерін тауып, рухани рух берері хақ. Осы кәркемдіктің барлығы бейнелеу өнерінің бүгінге дейінгі жүріп өткен жолының қалыптасу кезеңдерінің тарихындай әсер етеді. Бүгінде халқымызда қалыптасқан дәстүр мен мұра, қарапайым өрнек элементтері жас ұрпақты өнерге баулудың бірден бір жолы [8.316].

Қортып айтқанда, түркі ескерткіштері біздің тәл мәдениетіміз бен дәстүрлі өнеріміздің қалыптасу мен даму жолындағы бір бөлшегі. Бейнелеу өнерінің жаңа бағытта өркендеуі әрі дәстүр сабақтастығы, барлығы да ата-бабаларымыздың тамаша кәркем туындысынан туған жауһар. Дәстүрлі өнеріміздің арқауы болған осы түркі ескерткіштері арқылы мектептегі оқушылар мен жоғары оқу орындағы білімгерлерге эстетикалық, шығармашылыққа қызықтыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәркемдік қабылдау негізінде ұлттық мәдени мұраларымыздың қайта өркендеуіне мүмкіндік ашып, жас ұрпақты отансүйгіштік, моральдық, еңбекке баулу мен жасампаздық жаратуға құлшынысын арттырып, рухани тәрбие береді. Біз түркі ескерткіштерінің дәстүрлі өнеріміздегі осы құндылықтарды әскелең ұрпақ бойына сіңіретініне кәміл сенеміз, әрі халқымыздың дәстүрлі өнерінің әлемдік деңгейде дамуына үлес қосқан мәдени мұра мәңгілікке халқымыздың жадында қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан газеті. - 2007. 14 ақпан. Сәрсенбі. № 38(24615). 1-2 бет.
2. З.Самашев, Н. Базылхан, А. Оңғар. «Алаш» тарихи-этнологиялық ғылыми журналы. № 2(17).- 2008. -152б.
3. Қаржаубай Сартқожаұлы. Қазақ әдебиеті. 2013. № 45(2831). 4-5б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы. Жазушы. -2002.-336б.
5. Еңсегенұлы Тасболат. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Екінші том. Орхондағы түркі руна жазба дастандары. Оқу құралы. –Алматы. -2008.-409б.
6. Нәпіл Базылхан. Тіл және қоғам. –Астана. № 2(4). -2005. -157б.
7. Ш.Ә.Ақбаева. ҚазҰПУ хабаршысы. «Кәркем әнерден білім беру: әнер-теория-әдістемесі» сериясы. № 1(6). -2005.
8. Қ.О.Жеделов. ҚазҰПУ хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы. № 3(9).